Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2021

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Наурыздың сәні – зергерлік бұйым

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
| --- | --- |
| 18.10.2021 | https://bilimger.kz/108078/ |

**Алматы қаласы Алмалы ауданы**

**КММ №34 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі**

**Шокеева Айгерім Абилсейтқызы**

***Ашық сабақ***

***Сабақтың тақырыбы:***

***«Наурыздың сәні – зергерлік бұйым»***

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

***Сыныбы: 7 «В»***

***Мұғалімі: Шокеева Айгерім Абилсейтқызы***

***Алматы қаласы -2021жыл***

| | | |
|---|---|---|
| ***Бөлім:Наурыз мейрамы. Ақ мол болсын! Ұлыс оң болсын!*** | | |
| ***Мұғалім: Шокеева А.А.*** | | |
| ***Күні:16.03.21ж*** | | |
| ***Сынып: 7 «В»*** | ***Қатысушылар саны:17*** | ***Қатыспағандар саны:0*** |
| ***Сабақтың тықырыбы: Наурыздың сәні – зергерлік бұйым*** | | |
| ***Сабақтың мақсаты:***<br>***7.1.3.1.****Зергерлік бұйымдар, олардың түрлерімен танысуға, мәтінмен жұмыс жасауға, сұрақтарға жауап бере алуға, жылдам ойлануға мүмкіндік жасау;*<br>*Сөздік қорын, сөйлеу әрекетін, ой – өрісін, зергерлік өнер туралы мағлұматты кеңінен алып, ой түюге жағдай туғызу;*<br>*Мемлекеттік тілге деген құрметін күшейту, еңбекқорлыққа баулу;* | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td>Сабақтың кезеңі</td>
<td>I. ҰЙ Ұйымдастыру кезеңі.<br>— Сәлеметсіңдер ме, оқушылар?!<br>— Сәлеметсіз бе, мұғалім?!<br>— Көңіл-күйіміз қалай, сабаққа дайынбыз ба?<br>— Жақсы, дайынбыз!<br>ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН ТЕКСЕРУ, СҰРАУ, БАҒАЛАУ<br>Өткен сабақты қорытындылап, түсінбегендерін түсіндіріп, жаңа сабаққа көшу, сабақтың тақырыбын,барысын жарияламай тұрып бейне жазба көрсету.<br>Зергерлік бұйымдарға байланысты бейне жазбаны көреді,тыңдайды.Мұғалімнің сұрағына жауап беру арқылы тақырыпты анықтайды.<br>Жарайсыңдар, ендеше біздің бүгінгі тақырыбымыз «Наурыздың сәні -зергерлік бұйымдар» деп аталады.</td>
<td>Оқушының әрекеті<br><br>Оқушылар мұғаліммен сәлемдеседі.<br><br>Үй тапсырмасын айтады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың басы</td>
<td>Жаңа сөздермен танысу.<br>Сөздерді оқу, қайталау, сөз тіркесін құрастыру.<br><br>Зергерлік бұйымдар-ювелирные изделия<br>Әшекей заттар- украшение<br>Білезік –браслет<br>Сырға-серьги<br>Сақина-кольца<br>Жүзік –перстень<br>Алқа-колье,ожерелье<br><br>Оқылым.<br>89 бет, 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Прочитайте текст.<br>Наурыздың сәні- ұлттық киімдер мен зергерлік бұйымдар.Бұл күні бәрі ұлттық киімдерін киіп шығады.Қазақтың сәнді де салтанатты ұлттық киімдері наурыздың көркін асыра түседі.Жігіттер шапан,бөрік,қалпақ киеді.Үлкен әжелерге камзол мен кимешектері,қыз-келіншектерге қосетек көйлек,бешпет,сәукеле,тақиялары жарасып тұрады.Осы киімге қоса ұлттық зергерлік бұйымдарды таққанда,тіпті құлпырып кетеді.<br>Менің нағашым –зергер.Наурызда қыздар ол кісінің жасаған бұйымдарын тағады.Нағашым алтын мен күмістен түрлі зергерлік бұйымдар мен әшекей заттарды жасайды.Оларға қазақтың ою-өрнегін салады.Асыл тастармен безендіреді.Маған нағашымның жасаған шашбауы қатты ұнады.Ертеде қазақтың қыздары шашбау таққан.Шашбау мен шолпы қыздарды әсем қимыл-қозғалысқа үйреткен.<br>Нағашым бес жүзге жуық зергерлік бұйым жасаған.Жақында Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі болды.Нағашым көрмеге жүз шақты әшекей бұйым қойды.Көрмеге халық көп келді.Олар нағашымның шеберлігіне ,талғамына қатты риза болды.Наурызда,салтанатты мерекелерде тағатын ұлттық әшекейлерді қуана,қуана сатып алды.</td>
<td>Оқушылар бейне жазбаны көріп,тыңдап сабақтың тақырыбын айтады.<br><br>Слайд<br>Суреттермен танысады.<br><br>Жаңа сөздермен танысады, оқиды<br><br>Сөздермен тіркестерді сәкестендіріп, түсіндіреді.<br><br>Мұғалім оқушылардың сауатты оқуына қарай бағалайды.<br><br>Оқушылар мәтінді оқиды.Әр оқушы мәтін бойынша бір сұрақтан құрастырады және сол сұрағына жауап береді.<br>Мұғалім оқушылардың сауатты оқуына қарай бағалайды.<br><br>Оқушылар сөздермен сөзтіркестерін сәйкестендіреді</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Жазылым. Айтылым.<br>89 бет, 5-тапсырма. Сөздермен тіркестерді сәкестендір. Түсіндір. Сопоставьте слова и фразы. Объясните.<br><br>
<table>
<tr><td>1</td><td>Менің</td><td>1</td><td>бұйымдарын қойды.</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Нағашым білезік,алқа,шашпау</td><td>2</td><td>салады.</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Қазақ ою-өрнегін</td><td>3</td><td>нағашым -зергер.</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Асыл тастармен</td><td>4</td><td>шашбау таққан.</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Қазақ қыздры шашына</td><td>5</td><td>безендіреді.</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Қазақ зергерлік өнерінің көрмесі</td><td>6</td><td>сақина,сырғаларды айшықтап жасайды.</td></tr>
<tr><td>7</td><td>Көрмеге елуге жақын</td><td>7</td><td>күміс сақина тағады.</td></tr>
<tr><td>8</td><td>Менің әжем күміс білезік пен</td><td>8</td><td>болды.</td></tr>
</table>
<br>91 бет, 9-тапсырма. Сурет пен сөйлемді сәйкестендір<br><br>1.Қыз баланың қолына (саусағына) тағылатын әшекей бұйым.<br>2.Қыз баланың құлағына тағылатын әшекей бұйым.<br>3. 2Қыз баланың білегіне тағылатын әшекей бұйым.<br>4.Қыз баланың мойнына тағылатын әшекей бұйым.<br>5.Қыз баланың шашына тағылатын әшекей бұйым.<br><br>90 бет,6-тапсырма.Мәтіннің мазмұнына қатысты жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқаларын қойып жаз.<br><br>Наурыздың сәні-(тәтті тамақ,жарыс-ойын,зергерлік бұйымдар). Жігіттер шапан,(етік,сауыт,бөрік,,қалпақ) киеді.Қыз келіншектерге (қосетек көйлек, сәукеле, көзәйнектері )жарасып тұрады.Осы киімге қоса ұлттық сәнді (оюларды,зергерлік бұйымдарды )тағады. Менің нағашым-(атбегі,зергер).Нағашым (алтын, қола, мыс пен күмістен) түрлі зергерлік бұйымдар жасайды. Нағашым (білезік ,сәукеле,алқа,шашбау )бұйымдарын айшықтап жасайды. Шашбау,шолпы –қыздарды (тез, жылдам,әсем )қимыл –қозғалысқа тәрбиелеу құралы.Наурызда әжем күміс (білезік ,шолпы) тақты.<br><br>Берілген сөздерді септе .<br><br>Қажетті сөздер: Әже ,білезік.<br><br>Атау – кім? не?<br>Ілік – кімнің? ненің?<br>Барыс – кімге? неге? қайда?<br>Табыс – кімді? нені?<br>Жатыс – кімде? неде? қайда?<br>Шығыс – кімнен? неден? қайдан?<br>Көмектес – кіммен? немен?<br><br>Берілген сөздерді жекеше,көпше түрде тәуелде.<br>Қажетті сөздер: сырға,алқа.<br>Жекеше Көпше<br>І.жақ. Менің Біздің<br>ІІ.жақ. Сенің Сендердің<br>(Сып. түрі) Сіздің Сіздердің<br>ІІІ.жақ. Оның Олардың</td>
<td>Оқушылар сурет пен сөйлемді сәйкестендіреді.<br><br>Оқушылар мәтіннің мазмұнына қатысты жақша ішіндегі сөздердің дұрыс нұсқаларын қойып жазады.<br><br>Берілген сөздерді септейді .<br><br>Берілген сөздерді жекеше,көпше түрде тәуелдейді..<br><br>Оқушылар суреттердегі ұлттық әшекей бұйымдары қалай аталатынын және кімдер тағатынын айтады.<br><br>Оқушылар «Бас бармақ»тәсілі арқылы сабақты түсінгендерін жеткізеді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>3-тапсырма. Суреттердегі ұлттық әшекей бұйымдары қалай аталады?Оларды кім тағады?</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Үй тапсырмасы .<br>90 бет,8-тапсырма.Суреттегі қыздың сырты кейпін, киімін ,әшекейлерін сипаттап<br>Керекті сөздер: зергерлікбұйымдар,ұлттық әшекейлер,асыл тастар, безендірген,алқа,шашпау,білезік,сакина,сырғалар,айшықтап жасау және т.б.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.